



Автор: Шаукенова Зайда Жарасбековна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Биоалуантүрлілік. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер

Тақырып: Құстар -табиғаттың бір бөлшегі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.5.1.5 демеулік шылаулардың (болымсыздық немесе қарсы мәнді, нақтылау) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану.8.1.6.1 тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру.
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: мәтіннің мазмұны бойынша деректер келтіреді. Көбі: мәтіннің мазмұны бойынша дәлелді жауап береді. Кейбірі: демеулік шылаулардың (болымсыздық немесе қарсы мәнді, нақтылау) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану.
Тілдік мақсаттар:	Жаңа сөздер: Жыртқыш, құрт-құмырсқа, зиянкестер-вредители Диалог құруға негіз болатын тірек сөздер: Талқылауға арналған сұрақтар: Жойылып бара жатқан қандай құстарды білесіңдер? Олардың жойылуына не себеп болды деп ойлайсыңдар?
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар мәтін мазмұнын түсінеді, сұрақтарға жауап береді, сөздікпен жұмыс жасайды. Сабақ жоғары деңгейде өтеді, өйткені оқу мақсаттары дұрыс таңдалды, уақытты тиімді пайдалану барысында постер құрастырады және оны топ арасында қорғайды өз - өздерін бағалайды
Бағалау критерийлері:	- мәтіннің мазмұны бойынша деректер келтіре алады; - мәтіннің мазмұны бойынша дәлелді жауап бере алады; - демеулік шылаулардың (болымсыздық немесе қарсы мәнді, нақтылау) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдана алады.
Құндылықтарды дарыту:	Табиғатты қорғау
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Сөздікпен жұмыс. Оқушыларға жаңа сөздер АКТ арқылы экранға шығады.Жаңа сөздер мен тірек сөздерді игерту.Құстар дыбыстары.
Пәнаралық байланыс:	Биология, география
Бастапқы білім:	Құстар ортасы. Мұғалім оқушының бастапқы білімін жетекші сұрақтар қою арқылы біле алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу. /Кабинет тазалығына, желдетілгеніне назар бөлу/. Оқушылардың сабаққа қатысуын, қажетті оқу құралдарының түгел болуын қадағалау. Психологиялық хал - ахуал тудыру. «Жүректен жүрекке» әдісі арқылы оқушылар бір- біріне жағымды сөздер айтады.	
Сабақтың ортасы	Сөздікпен жұмыс. Оқушыларға жаңа сөздер АКТ арқылы экранға шығады.Жаңа сөздер мен тірек сөздерді игерту. Жыртқыш – хищные құрт-құмырсқа- көрік- красота Жаңа сөздермен сөз тіркесін, сөйлем құрады. Оқылым Тапсырма. Мәтінді оқиды. Мазмұны бойынша жұбына сұрақтар қойып, жауабын бағалайды? Дескриптор: -Мәтінді оқиды; -Мәтін тақырыбын болжайды. -сұрақтар құрастырады; Жазылым 3-тапсырма. Сөйлемдердегі ойды аяқтайды. Мәтіндегі сан есімдердің жасалу жолын түсіндіреді. 4-тапсырма. Сұрақтарға жауап береді. 5-тапсырма. Мәтінді оқиды. Мәтін бойынша постер құрады. Бағалау.Оқушылар жұмыстарымен жұпта бөліседі. Бір-біріне ауызша кері байланыс ұсынады. Сергіту сәті.	https://bilimland.kz/kk/plans/create Бөлім 9«Биоалуан түрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер» 3-жаттығу

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	6-тапсырма. Мәтіндегі құстардың туралы постер арқылы құрастырады . Оны қорғау . Дескриптор: -құстардың жалпы санын табады; -құстардың ерекшеліктерін жазады; 7-тапсырма. Берілген тұжырымдамаға келісетін, келіспейтіндерін айтады, талқылайды. Балалар сендер құстарға не істей аласыңдар ? Олар құстарға арнап қолдан үй жасайды .	https://bilimland.kz/kk/plans/create
Рефлексия	Рефлексия Бес жолды өлең 1. Зат есім. Құстар 2. Сын есім. Зат есім. 3. Етістік. 4. Сөйлем. 5. Синоним. Үй тапсырмасы: Қызыл кітапқа енгізілген құстар туралы мәлімет дайындау	https://bilimland.kz/kk/plans/create